

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Математикалық сауаттылық және ой дамыту

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.11.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/21229/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Куралбаева Г.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер ,түрлі өзгермелі жағдайлар білім беру жүйесінде де өзіндік әсерін тигізіп отырғаны белгілі . Елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға негізделген . Әлемдік білім кеңістігіндегі жалпы білім берудің басымдық мақсаты — өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін ,өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға дайындау болып отыр .

Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталады . Осыған сәйкес Елбасы Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге бірқатар талаптар қойды . Функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік , мәдени , саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына ,сондай -ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда .Бұл бағдарлама «Математикалық сауаттылық және ой дамыту » 10- сынып оқушыларына математика пәнінен қолданбалы курстарды оқытуға арналған . Бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейі ескерілген - «Курстың мазмұны мен құрылымы» бөлімінде оқытылатын оқу материалының тізімі мен көлемі ұсынылады ; - «Оқу материалдарын тақырыптық жоспарлау » бөлімінде берілетін курс материалының көлемі мен реті ,тізбегі оларды оқытуға жұмсалатын сағат саны көрсетілген ; - «Оқушылардың білім-білік деңгейіне қойылатын талаптар » бөлімінде оқушының дайындығы мен міндетті деңгейі сипатталады ; - «Пайдаланатын әдебиеттер тізімі » бөлімінде курсты өткізуге қажетті әдебиеттер тізімі берілген .

Тақырыбы: **Математикалық сауаттылық және логика** **Мақсаты**

: 1. Оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыру, математикаға оның қолданылу саласына деген тұрақты қызығуын ояту ; 2. Білімді жалғастыру үшін, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін нақты математикалық білімді меңгерту ; 3. Оқушылардың математикалық мәдениеті мен шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Міндеттері** : 1. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында іздендіру арқылы зерттеушілік қабілеттерінің дамуына ықпал жасау; 2 . Математикалық сауаттылыққа арналған есептерді шешудің құпия сырларын ашуға оқушыларды ынталандыру ; 3. Оқушылардың ой-өрісін ,ойлау ,есте сақтау қабілеттерін дамытумен қатар өздігінен білім ала алатын және сол білімді пайдалана алатын қасиеттерін қалыптастыру ; 4 . Қажетті ,нақты тақырыптар бойынша математикалық білімдерін тереңдетіп толықтыру .

Оқушылардың білім-білік деңгейіне қойылатын талаптар :

—Берілген тапсырмаларға шығармашылық көзқараспен қарау ;
 ; -Саналылық пен жауапкершілік көрсету ;
 ; -Есеп шартын түсініп оны жүйеге келтіру ,шығару алгоритмін таба білу ; -Теориялық мәліметтерді формулалар мен анықтамалар түрінде қолдана білу ;
 ; -Ой дербестігі болуы қажет .**Уақтылы өткізілген сабақтардан күтілетін нәтиже :** — Оқушылар есеп шығарудың негізгі әдістерін меңгереді ; — Еркін ойлай білетін белсенді , біліеті, өзін-өзі тани алатын , өзіне сене отырып ілімге жауапкершілікпен қарайтын тұлға қалыптасады ;
 ; —Оқушылардың математикалық мәдениеті мен шығармашылық қабілеттерінің дамуы мен танымдық деңгейі көтеріледі ; -Түрлі мониторинг ,диагностика жасау арқылы оқушылардың жіберген қателіктері үнемі талданып отырады .Түпкі нәтиже білім сапасын арттыру болып табылады .**Оқушылардың оқу жетістігін бағалау жүйесі** : Тест тапсырмасы ,бақылау,сынақ жұмыстары .

Пән аралық байланыс : физика, химия, информатика, география, биология, геометрия.**Кәсіби бағдарлау** : математик, информатик, инженер, статистика, бизнес, экономика саласына байланысты кәсіпке бейімдеу де және оқушылардың білімдерінің терең де мазмұнды болуына ықпалын тигізу .

Тақырыптық күнтізбелік жоспар

Аптасына 1 сағат Барлығы 34 сағат

р/с	Өтілетін тақырыптар мазмұны	Сағат саны	Өтілу мерзімі
1	Қатыстарға берілген есептер .Транзитивті қатыстармен есептер .	1	
2	Корректілі емес шарттармен берілген есептер	1	
3	Теңдік қатысымен берілген есептер	1	
4	Бірнеше қатыстармен берілген есептер	1	
5	Схемалар мен кестелердің көмегімен шешілетін есептер	2	
6	Мүмкін нұсқаларды іріктеу. Мүмкін нұсқалар ағашы	1	
7	Сандардың бөлінгіштігіне берілген есептер	2	
8	Сұрақ белгісінің орнына қандай сан қойылу керек, санның соңғы цифрын анықтауға берілген есептер	1	
9	Процент және пропорцияға берілген есептер	1	
10	Оқулықтың беті қанша ?	2	
11	Адамның жасын анықтауға табуға берілген есептер	2	
12	Аптаның күндерін , жылдың айларын анықтауға берілген есептер	2	
13	Қозғалысқа , жылдамдыққа берілген есептер	1	
14	Қорытпа мен қоспаға берілген есептер	1	
15	Бірлесіп жұмыс істеуге берілген есептер	1	
16	Теңдеу және олардың жүйелерін құруға берілген есептер	2	
17	Геометриялық фигураларды санауға берілген есептер	1	
18	Геометриялық фигураларды қиюға және теңдей етіп бөлуге берілген есептер	2	
19	Оқиға ықтималдығы	2	
20	Комбинаторика есептерін шешу әдістері	2	
21	Комбинаторика формулалары (терулер, орналастырулар , алмастырулар)	2	
22	Әр түрлі логикалық есептерді шешу	2	
23	Өз біліміңді тексер !	1	

Пайдаланылатын әдебиеттер :

1 . Жанасбаева Ұ.Б. Жанасбаев Ж.Б.

Логикалық және комбинаторикалық есептер Алматы — 2017 ж

2. Д.Алиасқаров ,Ж.Бейсеков , О. Маханбетов 7-сыныптағы оқушыларды математикалық олимпиадаға даярлау: Жалпы білім беретін орта мектептің 7- сыныбына арналған факультативтік курс . Шымкент

-2013.

Мирсоатов А

есептерді шешуге арналған әдістемелік құрал .

,Ернұр Базаров. Логикалық сұрақтар : 500 сұрақ

кітап ,2013ж5.Омаров Ә.К. Математика логикалық есептер . Шымкент

-20136.Талапкерлерге арналған оқулық- тест . Жаңа формат

. Шың-кітап Алматы-20177.Рамазан Омаров

.Логикалық сұрақтар, есептер, ойындар мен құрастырмалар . Алматы: Өлке

баспасы 2012ж8.Мұхаммед Али Өздуман , Рамазан Баяр . Математика тестер жинағы

. Алматы : Шың-кітап 2007ж9. Қайрат Бекболат ,Айгүл Сердалы

.Республикалық «KAZBILIM» орталығы . Астана -2017 . Математикалық

сауаттылық .Оқу-әдістемелік құралы .

3. Әлімбетов Н ,Бейсеков Ж,

Математикадан логикалық

Шымкент-20164.Рамазан Баяр

Алматы :Шың-

Шымкент-20164.Рамазан Баяр

Алматы :Шың-

Шымкент-20164.Рамазан Баяр

Алматы :Шың-

Алматы :Шың-

Астана -2017 . Математикалық

Астана -2017 . Математикалық

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.